

Бөрлі ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 17-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 16 қаңтарда № 3408 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 ақпандағы № 47-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 13.02.2020 № 47-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", 2008 жылғы 29 желтоқсандағы "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Бөрлі аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 39-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Қоса беріліп отырған Бөрлі ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы бекітілсін.

2. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстық жергілікті атқарушы

органының келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*К. Ермекбаев
А. Куликешев*

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Б а т ы с
ә к і м і н і ң

Қ а з а қ с т а н

о б л ы с ы
о р ы н б а с а р ы
М ә к е н

_____ Б .
28.12.2013 ж.

2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 17-3
Бөрлі аудандық мәслихатының
шешімімен бекітілген

Бөрлі ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы

1. Осы Бөрлі ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", 2008 жылғы 29 желтоқсандағы "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі – Үлгілік қағида) қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін б е л г і л е й д і .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 39-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

1-1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – облыстардағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік м е р е к е к ү н д е р і ;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

б) өмірлік қиын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), қаладағы ауданның халықты әлеуметтік қорғау саласындағы атқарушы органы;

8) алып тасталды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 25.05.2016 № 3-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

9) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен

- 10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;
- 11) алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 39-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).
- 12) алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 39-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).
- 13) алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 39-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).
- 14) алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 39-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).
- 15) алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 39-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).
- 16) алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 39-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).
- 17) алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 39-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 03.06.2015 № 28-1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 25.05.2016 № 3-4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 31.05.2019 № 39-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

3. Осы Қағиданың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі - ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 20 бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 16 бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидасында көзделген

т ә р т і п п е н

к ө р с е т і л е д і .

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбелері, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі ЖАО ұсынымы бойынша осы Қағиданың 1 қосымшасына сәйкес белгіленді.

7. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін облыстың ЖАО бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері

8. Ай сайынғы әлеуметтік көмек табыстарын есепке алмай:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына коммуналдық қызметтеріне байланысты шығындарын өтеу үшін 5 АЕК мөлшерінде және жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 2 АЕК мөлшерінде;

2) алынып тасталды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 13.03.2017 № 13-2 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3) инва-такси қызметін қолданбайтын көз ауруы бойынша 1, 2 топ мүгедектеріне, 1 типті қант диабетімен ауыратындарға қалалық қоғамдық көліктерде жүруіне байланысты шығындарын өтеу үшін 1 АЕК мөлшерінде к ө р с е т і л е д і ;

4) алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 39-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

5) туберкулезбен ауыратындарға аурулығын дәлелдейтін анықтама негізінде, табысын есепке алмай 2 АЕК мөлшерінде.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 27.05.2014 № 20-4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 25.05.2016 № 3-4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 13.03.2017 № 13-2 (оның

алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 31.05.2019 № 39-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9. Бір реттік әлеуметтік көмек:

1) қатерлі ісік ауруларына аурулығын дәлелдейтін анықтама негізінде, табысын есепке алмай 15 АЕК мөлшерінде;

2) аз қамтамасыз етілген азаматтарды (отбасыларды) жерлеу рәсімдеріне 15 АЕК мөлшерінде;

3) жан басына шаққанда орташа табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен қамтамасыз етілген азаматтарға (отбасыларға) арыздары бойынша 15 АЕК мөлшерінде;

4) 90 жасқа, 100 жасқа толған адамдарға табыстарын есепке алмай 15 АЕК мөлшерінде;

5) жеке меншік тұрғын үйлерде тұратын, жан басына шаққанда орташа табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен аз қамтамасыз етілген азаматтарға (отбасыларға), жұмыссыздарға қатты отын сатып алуға 12 АЕК мөлшерінде;

6) жалғыз тұратын және ерлі зайыпты зейнеткерлер, жалғыз тұратын мүгедектер үшін қатты отын сатып алуға табыстарын есепке алмай 15 АЕК мөлшерінде, дәрігерлік консультативтік комиссия қорытындысы бойынша емделуге табыстарын есепке алмай 15 АЕК мөлшерінде;

7) гемодиализ аппаратын қабылдайтын 1 топ мүгедектеріне табыстарын есепке алмай – 50 АЕК мөлшерінде;

8) мүгедектерге жеке оңалту бағдарламасына сәйкес санаториялық емделуге баратын жол шығындарын өтеу үшін, билеттердің құны мөлшерінде көрсетіледі.

9) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға, табысын есепке алмай 15 АЕК мөлшерінде.

10) жеке меншік тұрғын үйлерде тұратын және иесі болып табылатын, жан басына шаққанда орташа табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен аз қамтамасыз етілген азаматтарға (отбасыларға), газ анализатор сатып алуға табыстарын есепке алмай 4 АЕК мөлшерінде.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 25.05.2016 № 3-4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 13.03.2017 № 13-2 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 25.08.2017 № 16-4 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 31.05.2019 № 39-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2019 № 44-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. Алушылар санатының тізбесі, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдері ЖАО осы Қағиданың 2 қосымшасына сәйкес белгіленген.

Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу және адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу үшін негіздемелердің түпкілікті тізбесі мыналар болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;
- 2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;
- 3) ең төмен күн көріс деңгейіне бір еселік шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы.

Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

4) алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 27.11.2019 № 44-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 03.06.2015 № 28-1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2019 № 44-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

11. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері облыстың ЖАО келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде осы Қағиданың 3 қосымшасына сәйкес белгіленген.

12. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

12-1. Алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 39-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын және ШАК төленетін кезеңде атаулы әлеуметтік көмек төлеу тоқтатылады.

Ескерту. Қағидасы 12-1 тармақпен толықтырылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 03.06.2015 № 28-1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

13. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша ЖАО бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

14. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 27.11.2019 № 44-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 3) Үлгілік қағиданың 1 қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 27.11.2019 № 44-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14-1. Алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 39-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

14-2. Алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 39-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

14-3. Алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 39-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

14-4. Алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 39-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

14-5. Алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 27.11.2019 № 44-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

16. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе кент, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

17. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Үлгілік қағиданың 2, 3 қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Кент, ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

18. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

19. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

20. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе кент, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

21. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

22. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағиданың 18 және 19 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

23. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете

отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

24. Алып тасталды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 25.05.2016 № 3-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

24-1. Алынып тасталды – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 31.05.2019 № 39-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

25. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін осы Қағиданың 10 тармағының 3) тармақшасында белгіленген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

26. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру ауданның бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

27. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

28. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

29. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

көмек көрсету, оның
мөлшерлерін белгілеу және
мұқтаж азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін айқындау
қағидасына
1 қосымша

Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбелері, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 23.12.2015 № 32-7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 13.03.2017 № 13-2 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбелері	Әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі
1.	9 мамыр – Жеңіс күні	бір реттік
2.	15 ақпан – Ауғанстан аумағынан совет әскерлерін шығару күні	бір реттік
3.	26 сәуір – Чернобыль АЭС апатқа ұшырағандарды еске алу күні	бір реттік
4.	29 тамыз – Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні	бір реттік
5.	Қыркүйектің екінші сенбісі – Отбасы күні	бір реттік
6.	31 желтоқсан – Жаңа жыл күні	бір реттік

Алушылар санатының тізбесі, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдері

№	Алушылар санатының тізбесі	Әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері	Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдері
1.	Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қиын жағдайда қалған азамат (отбасы)	30 АЕК	бір ай ішінде

Бөрлі ауданының әлеуметтік
көмек көрсету, оның
мөлшерлерін белгілеу және
мұқтаж азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін айқындау
қағидасына
3 қосымша

Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне өлеуметтік көмектің бірыңғай мөлшері

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 10.10.2014 № 22-2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 23.12.2015 № 32-7 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2016 № 3-4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 25.08.2017 № 16-4 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 18.05.2018 № 24-2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілді); 31.05.2019 № 39-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

№	Алушылардың жекелеген санаттарының тізбесі	Өлеуметтік көмектің бірыңғай мөлшерлері (теңге)
1.	Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары	300 000
2.	Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларына теңестірілген адамдар:	
	1) Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы КСР Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз және жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері	20 000
	2) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары	60 000
	3) бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер	50 000

	4) 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан адамдар	30 000
3.	Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар:	
	1) бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер	30 000
	2) Чернобыль АЭС-ындағы апаттың салдарынан мүгедек болған адамдар	30 000
	3) Радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар	20 000
4.	Жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттары:	
	1) Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алуының, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы	20 000
	2) бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы	20 000
	3) Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы	20 000
	4) 1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда	10 000
	5) қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері)	15 000
	6) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар	15 000
	7) Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасы	20 000
5.	Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлері	20 000
6.	1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар	10 000
7.	18 жасқа дейінгі мүгедек балалар және жетім балалар	5 000
8.	Семей ядролық сынақ полигонындағы сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға	10 000

Ескерту: аббревиатуралардың шешуі:

АЕК – айлық есептік көрсеткіш;

КСР Одағы – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы;

Чернобыль АЭС - Чернобыль атомдық электростанциясы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК